

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті



**2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-  
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Орал, 2015**

Университеттің  
Ғылыми кеңесі отырысында  
қаралған және бекітілген  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2015 ж.  
Хаттама №\_\_

«БЕКІТЕМІН»  
Ректор, профессор  
Р.С.Габдуалиева \_\_\_\_\_  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2015 ж.

## Мазмұны

Кіріспе .....	4
1.Басты міндеті және болжамдары.....	4
2. Ағымдағы жағдайының талдауы.....	5
2.1 SWOT – кадрларды дайындаудың талдауы .....	6
3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, жоо мақсаты, міндеттері мен мақсаттының көрсеткіштері .....	
4. Жоғары оқу орнының стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының аймақтың және мемлекеттің стратегиялық бағыттары және мақсаттарымен сәйкестігі .....	
5. Мақсаттарға жету жолдары мен әдістері .....	17
6. Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер .....	19
7.Ықтимал тәуекелдіктер.....	20

## **Кіріспе**

Жалпы әлемдік және ұлттық ауқымда қоғамдық даму басымдықтарының қарқынды өзгеруі жағдайында қоғамдық және жеке тұлғалық дамудың маңызды факторы ретінде жоғары білімнің рөлі елеулі түрде артады. Сондықтан да білім беру елдің ұлттық жобаларының біріне айналып отыр.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат зиялы ұлтты қалыптастыру, отандық ғылымның жаңа үлгісін құруға бағытталған, бұл жоғары оқу орындары алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды. Жоғары білім беру жүйесіндегі барлық өзгерістер Қазақстанның әлемнің едәуір бәсекеге қабілетті елдері қатарына енуі стратегиясын жедел жүзеге асыруға қосылған нақты үлес болып табылады.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті – Қазақстанның батыс аймағы үшін білім беру, бизнес, инженерия, ауыл шаруашылығы және басқа салаларда кадрлар дайындауда көп жылдық тәжірибесі бар көп салалы университет, жұмыс берушілердің белсенді, ынталы, креативті түрде ойлайтын және нәтижелі әрекет ететін мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылады.

Жоғары оқу орнының стратегиялық жоспарын құру – стратегиялық жоспарды, оның мақсаттарын тұжырымдау, келешекте нәтижелі жұмысты қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму және әлеуметтік-экономикалық дамуды болжаудың стратегиялық идеяларын жобалау арқылы құру үдерісі. Стратегиялық жоспарлау үдерісі келешектегі дамудың және сыртқы орта әсерінің айқын болмауы жағдайында ректоратқа ұзақ мерзімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Оның міндеті сыртқы ортадағы өзгерістерге сәйкес әрекеттер үшін жеткілікті көлемде қызмет көрсетулерді, менеджменттің үдерістері мен жүйелерінің сапасын арттыруға бағытталған оң ұйымдық өзгерістерді қамтамасыз ету болып табылады.

Стратегиялық жоспар, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2016-2020 ж.ж. арналған стратегиялық жоспары ЖОО дамуының негізгі мақсаттары мен міндеттері және оның орта мерзімді келешектегі тұрақты даму тетігі белгіленген негізгі құжат болып табылады.

Стратегиялық жоспарды дайындаудың алғышарттары:

- «Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асырудың қажеттілігі;
- ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асырудың қажеттілігі;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың қажеттілігі;
- жаңа үлгідегі, ынталы, еңбек нарығы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделген, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған, тұтынушылар сұранысына сәйкес келетін ЖОО инновациялық-білім беру инфрақұрылымының өзгеруі.

### **1.Басты міндеті және болжамдары.**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің басты міндеті:

*Қазақстан Республикасы игілігі үшін жаңа үлгідегі жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау*

Келешектегі басты міндетті жүзеге асыру өздігінен ойлауға қабілетті, стратегиялық ойлау қабілетіне ие, ұлттық және әлемдік экономикадағы ауқымды трендтерді басқара алатын жоғары қабілетті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған.

*Университетті болжау.* Осы даму стратегиясын жүзеге асыру нәтижесінде университет өз дамуы шеңберінде инновациялық тәсілді жүзеге асыратын, жоғары және жоғары оқу орнынан

кейінгі білімі бар бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайтын Қазақстан Республикасы аймағының ірі Жоғары оқу орындарының бірі ретінде көрінеді.

## **2. Ағымдағы жағдайдың талдауы**

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті – дамыған инфрақұрылымы бар көп салалы ЖОО: 7 зертханалық-оқу корпусы, 1 жатақхана, 3 спорт залы және 2 қосымша зал, редакциялық-баспа бөлімі, ветеринарлық клиника, виварий және басқалар. Соңғы жылдары оқытушылар мен жас ғалымдарға арналған тұрғын үй пайдалануға берілді.

Компьютерлік парк PENTIUM тобының 500-ден астам бірлігін құрайды. 26 оқу сыныбы INTERNET желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталған.

900 мың дай сақтау бірлігі бар кітап қорына ие ғылыми кітапхана 497 орынға арналған 6 оқу залын қамтиды. Кітапхана қоры жыл сайын 5000-6000 бірлікке жаңарып отырды.

Кадрлық әлеует 240-ден астам адам ПОҚ құрайды, соның ішінде 1 ҚР ҰҒА академигі, 14 доктор және 106 ғылым кандидаттары. Жыл сайын еліміздің және шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында 50-ден астам қызметкер біліктілікті арттырады.

Оқу-әдістемелік үдеріс студенттер мен ПОҚ оқу-танымдық әрекеттерін белсендіруге, қолданылатын білім беру технологияларын түрлендіруге бағытталған. Академиялық мобильділік қарқынды дамуда, көптілдік білім беру қағидаларын жүзеге асыру жоспарлануда.

Оқу-әдістемелік жұмыстарды уақыттылы шешу нәтижесінде жоғару оқу орны оқу үлгерімі мен білім сапасына қатысты бірқатар көрсеткіштердің артуына қол жеткізді. Сессия, ОЖСБ, мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша білім сапасы тұрақты және арту үстінде. Жыл сайын Республикалық студенттік олимпиадада біздің ЖОО-ның студенттерінің көп бөлігі құрметті жүлделі орындарға ие болуда.

2007 жылдың қыркүйегінде Болон Декларациясының негізі болып табылатын Университеттердің Хартиясы бекітілді. ЖОО ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан және сол сияқты тәуелсіз қоғамдық ұйымдар тарапынан да Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі шеңберіндегі бақылаудың барлық тиісті кезеңдерінен өтеді.

Университеттің дамуының басым бағыты ғылым мен білімді біріктіру, ғылыми әлеуетті арттыру болып табылады. Университет ғалымдары жұмысының басым бағыттары: табиғатты тиімді қолдану, табиғи қорларды күрделі өңдеу және экологиялық қауіпсіздік бойынша ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруы шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіледі. ЖОО ғылыми базасы экологиялық және химиялық-технологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу зертханаларын, ветеринарлық клиниканы, Компьютерлік технологиялар мен тілдердің халықаралық ғылыми-білім беру орталығын қамтиды. Батыс Қазақстан облысы кәсіпорындары мен ұйымдарының тапсырысы бойынша 23 ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар жүргізілуде. Жоғары оқу орнында студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді түрде ынталандыру, ғылыми конференцияларға, инновациялық байқауларға қатысуға тарту арқылы «ғылым арқылы оқыту» қағидасы жүзеге асырылады. Университетте Жас ғалымдар кеңесі, ғылыми студенттік қоғамдар, студенттік үйірмелер өз қызметін атқарады. ЖОО студенттері Қазақстанда және одан тыс жерлерде өткізілетін көптеген беделді ғылыми конференциялар мен инновациялық байқаулардың жеңімпаздары болып табылады.

Университет қызметінің маңызды бағыты шет елдердің білім беру және ғылыми мекемелерімен халықаралық қызмет салаларындағы ЖОО саясатын жүзеге асыру, Болон үдерісі қағидаларына сәйкес білім беру саласында халықаралық байланысты дамыту болып табылады. БҚИТУ ғылым мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімшарттар негізінде 30-дан астам жақын және алыс шет ел ЖОО және ғылыми орталықтарымен серіктестік қарым-қатынастарды қолдап келеді. Серіктес жоғары оқу орындары бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын жүзеге асырады, бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастырады және өткізеді, студенттер мен магистранттарға, оқытушыларға дәріс оқу үшін шет ел ғалымдарын шақырады.

Университет құрамында бакалавриаттың 39 мамандығы, 2 жоғары арнайы білім беру және 8 магистратура мамандығы бойынша мамандарды дайындайтын 4 факультет бар.

Білім алушылардың практикалық дайындығын ұйымдастыру маңызды білім беру қызметтерінің бірі болып табылады, бітірушінің бәсекеге қабілеттілігі мен одан кейін жұмысқа орналасуы оның сапасына байланысты болады.

Бүгінгі күні практика базаларымен жасалған келісімшарттар саны 230-ды құрайды. Базалық шаруашылықтардан басқа, университетте практика кафедралардың 7 филиалында ұйымдастырылады.

Университетте Ресей Федерациясынан, Словакиядан, Түркмениядан, Грузиядан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан 20-ға жуық шет ел студенті білім алады.

## **2.1 SWOT – кадрларды дайындаудың талдауы**

### **Күшті жақтары:**

- еуропалық білім беру кеңістігіне ену, кең ауқымды халықаралық байланыстар шет елде ЖОО танымалдылығы;
- дамыған инфрақұрылымы бар жетілген матриалдық-техникалық база;
- қаржылық тұрақтылық және қаржыландырудың көп арналы жүйесін қалыптастыру;
- ЖОО басқаруда қызметкерлер мен білім алушыларды тарту тетіктерінің болуы;
- қызметкерлер мен білім алушылардың шығармашылық қызметін ынталандыру тетіктерінің болуы;
- негізгі үдерістер нәтижелілігін бағалау критерийлерінің өлшемділігі;
- ҚР МЖМБС сәйкес келетін мониторинг және қызмет көрсету мен үдерістерді басқару деңгейі;
- ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландырудың бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде ғылыми-зерттеу жобаларын орындау;
- білім беру және ғылыми үдерістерді жүзеге асыру, ғылымға студенттік жастарды белсенді тарту мақсатында ЖОО ғылыми-зерттеу зертханаларының қызмет етуі;
- Thomson Reuters, Scopus, нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық басылымдарда жариялаған профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми мақалаларын болуы;
- шет ел және Қазақстандық ЖОО және ғылыми орталықтармен ғылыми-білім беру байланыстарының болуы;
- ПОҚ, кафедралар және факультеттердің қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін қолдану.
- қомақты кітапхана қорының болуы.

### **Әлсіз жақтары:**

- бірқатар білім беру бағдарламаларына сұраныстың төмендеуі;
- кейбір білім беру бағдарламалары бойынша білікті кадрлардың жеткіліксіздігі;
- бірқатар мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру бағдарламаларын ашуға арналған жағдайлардың жеткіліксіздігі;
- мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік әдебиеттің жеткіліксіз дәрежеде қамтамасыз етілуі;
- оқытудың инновациялық технологияларын жеткіліксіз қолдану;
- ПОҚ-ның қаржыландыратын ҒЗЖ-ға жеткіліксіз түрде қатысуы;
- шет ел жоғары оқу орындарымен бірлесе жұмыс істеуге білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жеткілікті түрде дамымағандығы;
- халықаралық машықтанудың, ПОҚ мен білім алушылардың алмасу және мобильділіктің әлсіз ұйымдастырылуы;
- ПОҚ мен білім алушылардың ағылшын тілін білуінің төменгі деңгейі;
- ПОҚ төменгі жалақысы және өмір сүру деңгейінің төмендеуі.

### **Мүмкіндіктер:**

- Болон үдерісінің негізгі қағидаларын жүзеге асыру;
- Қазақстанның алдыңғы қатарлы ЖОО ескере отырып, ЖОО білім беру және ғылыми саясатын жетілдіру;
- ұлттық рейтинг көрсеткіштерді жақсарту;
- оқытудың заманауи инновациялық-технологияларын енгізу, оны түрлендіру;
- ЖОО менеджмент жақсарту бойынша әдістемелік дайындамалардың жеткілікті көлемінің болуы;
- үздіксіз мониторинг, талдау жүргізу және тұтынушылар талаптарының қанағаттандырылуын арттыру;
- білім беру, ғылым және өндірісті біріктірудің жаңа сатысына өту;
- заңды және жеке тұлғаларға білім беру, ғылыми және кеңес берудің ақылы қызметтерінің ауқымын кеңейту;
- ғылыми және білім беру қызметін гранттық қаржыландыру бойынша халықаралық бағдарламалардың кең ауқымының болуы;
- жақын және алыс шет ел елдерінің ЖОО-мен және ҒЗИ-мен ынтымақтастықты кеңейту;
- қыметкерлердің негізгі еңбек ақысына арнайы үстемелер жүйесі, ардагерлер, көп балалы отбасылар, жетім студенттер, жас ғалымдарды қаржылық қолдау негізінде әлеуметтік шараларды кеңейту;
- әлеуметтік серіктестікті дамыту, студенттер мен магистранттар практикасын ұйымдастыру, бітірушілерді жұмыспен қамту үшін жұмыс берушілерді тарту;
- материалдық-техникалық базаны жақсарту: жаңа зертханалық құрал-жабдықтарды сатып алу, студенттер, магистранттарға арналған жатақхана, оқытушылар мен қызметкерлерге тұрғын үй салу;
- әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету есебінен ЖОО-да жұмыс жасау үшін жоғары білікті мамандарды тарту;
- техникалық және кәсіби білімнің дамуына ықпал ету.

### **Қауіп-қатерлер:**

- ғылыми зертеулерді жүргізу және оларды практикаға енгізуде ғылыми қызметкерлерді ыналандыру деңгейінің төмендігі;
- жаңа үлгідегі бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға арналған үлгілік ОӘК мазмұнының жеткіліксіз бағытталуы;
- жаңа үлгідегі ПОҚ мен менеджерлердің жеткіліксіздігі;
- ИСО негізгі қағидаларын толық сақтамау (көшбасшылық, қызметкерлердің қызығушылығы, үдерістік және жүйелі қатынастар).

### **3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, ЖОО мақсаттары, міндеттері және мақсатты көрсеткіштері**

Қазіргі уақытта республикада әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жалғасуда. Бұл әлемдік нарық талаптарына жауап беретін және қазақстандық экономикаға елеулі үлес қос алатын, жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың қажеттілігімен шарттастырылған.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында қойылған бағдарларға жету үшін, ЖОО дамуының стратегиялық бағыттарының бірнеше басымдықтары қарастырылады:

1. Білім беру қызметін жетілдіру;
2. Бітірушілердің жұмыспен қамтылуына көмек көрсету жүйесін дамыту;
3. Университетті басқару түрлерін жетілдіру;

4. Университетті зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру, оқу үдерісі мен өндіріске, ғылыми ұсынбалар мен инновацияларды енгізу;

5. Тұтынушылардың қанағаттанушылық деңгейін арттыру;

6. Жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін жетілдіру.

ЖОО дамуының көрсетілген бағыттарына сәйкес мақсатты көрсеткіштеді құрайтын мақсаттар, міндеттер және әрбіреуі өлшемді болып табылатын көрсеткіштердің сәйкес жүйесі арқылы айқындалады және нақтыланады.

Стратегиялық жоспарды құру, беріліп жатқан нарықтық мүмкіндіктерді қолдану және ішкі қорларды кешенді жұмылдыруда белгіленген стратегияны білікті және дәл орындау, ғалымдардың шығармашылық әлеуетін қолдау жоғары оқу орнының ілгері даму динамикасын қамтамасыз етуі тиіс.

### Қызметтің стратегиялық даму бағыттары, мақсаттар, міндеттердің мақсатты көрсеткіштері және стратегия шегіндегі ЖОО дамуының көрсеткіштері

<b>1-стратегиялық бағыт. Білім беру қызметін жетілдіру</b>	
<b>1-мақсат.</b> Жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімі бар, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды дайындау үшін ғылым мен практиканың заманауи жетістіктерімен біріктірілген білім беру үдерісін қамтамасыз ету.	<b>Мақсатты көрсеткіш</b> – Ішкі инновациялық ғылыми-білім беру ортасын құру және оқытудың инновациялық технологиялары және білім беруді ақпараттандырудың 70% дейінгі меншікті салмағына жету.
<b>1-міндет.</b> Бәсекеге қабілетті кадрларды дайындауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын жетілдіру	<b>Көрсеткіштер:</b> 1.Еңбек нарығы және білім беру қызметтері нарығы сұраныстарына сәйкес оқытуға құзыреттілікті-бағдарлы қатынасты енгізе отырып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту. 2.Бакалавриат пен магистратураның еңбек нарығымен сұранысқа ие жаңа мамандықтарын ашу (жылына бір мамандықтан кем емес). 3. Бакалавриат мамандықтары бойынша тиімді элективті пәндер каталогын жасақтау.
<b>2-міндет.</b> Еңбек нарығы қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының бейімді әрекет етуі тетігін енгізу	<b>Көрсеткіштер:</b> 1.Жылына 5% дейін барлық мамандықтар бойынша жұмыс берушілерді тарта отырып, білім беру бағдарламалары мазмұнынын жаңарту. 2.Біліктіліктің Ұлттық шегін ескере отырып, модулдік (модулдерді) білім беру бағдарламаларын дайындау: 2016 ж. бастап – әрбір факультетте 1 мамандық, 2018 ж. бастап - 100%. 3. 2016ж. бастап қосымша кәсіби білім беру шегінде оқыту курстарының ауқымын 10% кеңейту.
<b>3-міндет.</b> Өндіріс базаларында студенттерді практикалық тұрғыда дайындауды күшейту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Практика базаларымен жасалған келісімшарттар саны – 2017 ж. қарай әрбір мамандық бойынша 5-тен кем болмауы. 2. Мамандарды даярлап шығарушы кафедралр филиалдарының тиімді қызмет етуі – 2018 ж. қарай

	аудиторлық сабақтардың 10% кем емес көлемін кәсіпорындар базаларында (филиалдарда) өткізу.
<b>4-міндет.</b> Оқу-әдістемелік базаны және оқу үдерісін кітапханалық қаматамыз етуді дамыту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Оқу-әдістемелік басылымдармен қамтамасыз етілудің артуы (оқу әдебиеті қорының үнемі толықтырылуы, оқу құралдары мен әдістемелік ұсыныстарды, монографияларды басып шығару). 2. Жыл сайын кітапхана қорын 4500 данадан кем емес жаңарту, соның ішінде 10% электронды тасымалдағыштарда.
<b>5-міндет.</b> Инновациялық педагогикалық әдістемелерді және білім беру технологияларын құру. Оқытудың кредиттік-модульдік жүйесіне өту.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Кредиттік-модульдік технологияны ұйымдастыруды регламенттеу, білім беру бағдарламаларының технологиялылығын, жан-жақтылығын, бейімділігін және білім алушылардың білім траекториясын таңдауын арттыру 2. Оқу үдерісіне интерактивті оқыту қағидаларын енгізу, оқу үдерісіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу.
<b>6-міндет.</b> Білім алушыларды және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді тілдік дайындаудың көпқызметті орталық құру	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Жалпы мәдени және кәсіби қатынау саласында құзыреттілік деңгейін арттыру. 2. 2017 ж. бастап көптілдік білім беру орталығын ашу 3. Үш тілдік білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өткен білім алушылар үлесі 2017 ж. қарай -50 адам, 2020ж. қарай-100 адам болмақ. 4. Тілдік курстарда оқудан өткен ғылыми-педагогикалық кадрлар үлесі 2017ж. қарай -15 адам, 2020ж. -50 адам.
<b>7-міндет.</b> Желілік ақпараттық-білім беру ортасын дамыту негізінде инновациялық білім беру технологияларын дайындау және енгізу. Электрондық бейімдік оқу технологияларын дайындау және енгізу. Білім алушылардың үздік білім беру қорлары мен технологияларына қолжетімділігін қамтамасыз ету.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Білім беру сапасын, қолжетімділігін, ортаның оқу-әдістемелік жабдықталуын арттыру. Виртуальды зертханалар және тренажерлер, бейімдік оқыту диалогтарының саны 2017ж. қарай -5, 2020ж. қарай -10. 2. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік технологияларға және кеңжақты интернетке, Республикалық жоо арасындағы электрондық кітапханасы арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы шет ел университеттерінің үздік білім беру бағдарламаларына қатынауын қамтамасыз ету 2017ж қарай. -100%. 3. Интернет-қорларды жетілдіру, 2018 жылға қарай жетекші шет ел жоо үлгісі бойынша университет порталын құру. 4. Электрондық оқу жүйесінде қолданылатын электрондық оқулықтар мен электрондық оқу баслымдарын құруға арналған жағдайларды қамтамасыз ету, әрбір кафедра бойынша 3 басылымнан кем емес. 5. ТД және желілік технологияларды енгізу есебінен қашықтан оқытудың білім беру технологияларын қолдануды кеңейту. (2018 гж. – ҚОТ бойынша оқытатын мамандық пәндерінің 50%) 6. Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқытылатын мамандық сандарының артуы (2019 ж. қарай – 15 мамандықтан кем емес)

<p><b>8-міндет.</b> Басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қолдануды кеңейту</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. ЖОО «Platonus» ақпараттық жүйесінің қызметтік мүмкіндіктерін кеңейту  2. Электрондық құжат айналымының тұтас жүйесін және ЖОО басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу (2019 ж. қарай – 100%).</p>
<p><b>2-мақсат.</b> Жаңа үлгідегі, білім беру және ғылыми қызметте инновациялық технологияларды еркін меңгерген ПОҚ қалыптастыру.</p>	<p><b>Мақсатты көрсеткіш – халықаралық стандарт талаптарына сәйкес университеттің білім беру және ғылыми ортасын құру.</b></p>
<p><b>1-міндет.</b> Оқытушылардың кәсіби деңгейінің артуы.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Жылына 100 адамнан кем емес болатын ПОҚ кәсіби білігін арттыру, қайта даярлау, машықтану деңгейіне жету.  2. Оқу үдерісіне шет ел оқытушыларын, кеңес берушілерді тарту: жылына 10 адамнан кем емес.</p>
<p><b>2-міндет.</b> PhD докторантурасы арқылы кадрларды даярлау</p>	<p><b>Көрсеткіштер</b>  Ғылыми дәрежелері және атақтары бар ПОҚ үлесінің артуы 2019 ж. қарай – 59%.</p>
<p><b>3-міндет.</b> Жаңа үлгідегі ПОҚ қалыптастыру.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Жылына 1 кандидатурадан кем емес түрде «ЖОО үздік оқытушысы» байқауына қатысуды қамтамасыз ету.  2. Педагогикалық шеберлікті және әлеуметтік-жеке білікті арттыру бойынша курстарды ұйымдастыру (жылына 3 кем емес).  3. Оқу үдерісінде алдыңғы қатарлы техниканы және технологияны жылына 10% кем емес түрде игеру және қолдану.</p>
<p><b>4-міндет.</b> ПОҚ дайындаудың ақпараттық деңгейін арттыру.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Жыл сайын ПОҚ 50 кем емес адамды университетте қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және оқытудың инновациялық әдістері бойынша оқыту.  2. Заманауи IT-технологияларды қолдана отырып, оқытудың белсенді әдістерін кеңейту (2016 ж. бастап – жыл сайын 5 сабаққа арттыра отырып, бір оқытушыға 10 сабақтан кем емес).</p>
<p><b>3-мақсат.</b> Болон процесі қағидаларына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін интернацияландыру бағытында университет қызметін белсендіру</p>	<p><b>Мақсатты көрсеткіш –</b> 2018 ж. қарай оқытушылардың 15% және білім алушылардың 10% республикалық жоғары оқу орындары арасындағы және халықаралық жобаларға қатысады.</p>
<p><b>1-міндет.</b> Білім беру қызметі мазмұны мен құрылымын Болон процесі параметрлеріне сәйкестендіру</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Алдыңғы қатарлы шет ел ЖОО-да білім алушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын бірлескен білім беру бағдарламаларын дайындау; 2018 ж. қарай бакалавриаттың 2 бағдарламасы бойынша.  2. Кредиттерді ауыстырудың еуропалық жүйесінің үлгісі бойынша кредиттік технология бойынша сынақ баллдары</p>

	жүйесін қолдану (ESTC). 3. 2018 ж. бастап дипломға «Diploma Supplement» еуропалық қосымшасын енгізу.
<b>2-міндет.</b> ПОҚ мен білім алушылардың академиялық мобильділігі үшін жағдайлар жасау.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. 2020 интернацияландыру және академиялық мобильділік стратегиясын жүзеге асыру, 2016 ж. бастап: – Оқудың бір кезеңіне баратын студенттер құрамының артуы, жыл сайын 10%; – Оқудың бір кезеңіне беретін магистранттар құрамының артуы, жыл сайын 10%; – Ғылыми және педагогикалық машықтануға баратын ПОҚ артуы, жыл сайын 10%; – Шет ел студенттері құрамының жыл сайын 5% артуы; 2. 2018 жылға қарай академиялық мобильділік Қорын (мемлекеттік-жеке серіктестік негізінде) құру. 3. Бітірушелердің жоғары оқу орынан кейінгі бағдарламалар бойынша байқауларға қатысуына, сонымен қатар ПОҚ «Болашақ» халықаралық шәкіртақы және «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты шеңберінде машықтануына жәрдемдесу. 4. ПОҚ республикалық жоо арасындағы және халықаралық жобаларға қатысуын қамтамасыз ету, 2017 ж. қарай 10% дейін.
<b>3-міндет.</b> Университетте оқитын шет ел студенттері мен магистранттар санын арттыру	<b>Көрсеткіштер:</b> 2019 ж. қарай шет ел студенттері мен магистранттарының саны –50 адамнан кем емес.
<b>Бітірушілердің жұмыспен қамтылуына көмек көрсетудің стратегиялық бағыттары</b>	
<b>2. Бітірушілердің жұмыспен қамтылуына көмек көрсету жүйесін дамыту</b>	
<b>Мақсат</b> – бітірушілердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға және жұмыспен қамтудың ең жоғарғы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығы жағдайы мен бағыттары туралы олардың хабардар болуына көмек көрсету	<b>Мақсатты көрсеткіш</b> – жоғары оқу орындары бітірушілерінің ЖОО-н аяқтағаннан кейін бірінші жылы жұмыспен қамтылуын 80%-ға дейін кезең-кезеңмен жеткізу.
<b>1-міндет.</b> Бітірушілерді жұмыспен қамтуға көмек көрсету жүйесін дамыту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Бітірушілердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру және жұмыспен қамтудың ең жоғарғы мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығы жағдайы мен бағыттары туралы олардың хабардар болуына көмек көрсету (білім беру ұйымдары арасында, кәсіпорындар мен студенттер арасында практикадан өту және жұмыспен қамту бойынша келісімшарттар жасау). 2. 2016 ж. қарай бітірушілеріне деректер базасының қызмет етуі 3. Университет бітірушілерінің жұмыс берушілер бірлестігінде біліктіліктің тәуелсіз бағалауынан өтуі
<b>2-міндет.</b> Карьера орталығын құру.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. 2017 ж. қарай карьера орталығын құру. 2. Жұмыс берушілер мен білім алушылар құрамын

	калыптастыру, практиканы ұйымдастыру, олардың тапсырыс бойынша дипломдық және ғылыми ізденістерді орындаулары бойынша әлеуметтік серіктестікті нығайту.
<b>3-міндет.</b> Мамандарды дайындау сапасына тұтынушылардың қанағаттанушылығының мониторингі	<b>Көрсеткіштер:</b> Сауалнама жүргізу арқылы тұтынушылардың қанағаттанушылығы бойынша зерттеулерді кеңейту: - жұмыс берушілерде (таңдау бойынша 70% кем емес); - студенттерде (таңдау бойынша 70% кем емес); - ПОҚ мен қызметкерлерде (таңдау бойынша 70% кем емес); - аймақ қоғамы өкілдерінде (таңдау бойынша 10% кем емес)
<b>4-міндет.</b> Жұмыс берушілер қауымдастығында бітірушілердің біліктілігін тәуелсіз бағалаудың жүйесін құру	<b>Көрсеткіштер:</b> Бірінші реттен бастап жұмыс берушілер бірлестігінде біліктілігінің тәуелсіз бағалуынан өткен ЖОО бітірушілер үлесін кезеңмен 60% дейін жеткізу.
<b>3-стратегиялық бағыт. Университетті басқару түрлерін жетілдіру</b>	
<b>Мақсаты</b> – білім беру қызметінің аймақтық, ішкі және сыртқы нарығында бәсекеге қабілетті кадрлық әлеуетті үздіксіз білім беру және қайта даярлау арқылы заманауи ЖОО –ның моделін құру және адами ресурстарды халықаралық деңгейге шығарып дамыту	<b>Мақсатты көрсеткіш</b> – көшбасшылық, біліктілік, ынталандыру, ынтымақтастық, бірлескен түрдегі жұмыс жүргізу ұстанымдары негізінде қызметкерлерді басқару жүйесін жетілдіру
<b>1-міндет.</b> Жұмыс нәтижелерін жоспарлау, мониторингі және бағалауы жүйесін кезеңмен енгізу	<b>Көрсеткіштер:</b> Университетті басқаруды жетілдіру; 2018 ж. бақылау кеңесін құру; ЖОО басқаруды жетілдіру, бірлескен басқаруға өту үдерісін дамыту.
<b>2-міндет.</b> Қызметкерлерді дамыту тұжырымдамасын дайындау және жүзеге асыру.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1.ПОҚ өздігінен білім алу және жетілдіруге және мансаптық өсуіне ынталандыру. 2. 2016 ж. қарай барлық бөлімшелер бойынша қызметкерлер мониторингінің рейтингтік жүйесін енгізу 3.Машықтанушы оқытушыларды оқыту және қайта даярлау (компьютерлік сауаттылық, шет тілі, педагогика, психология, кәсіби білік). 2016 ж. қарай педагогикалық шеберлік мектебін құру
<b>4-міндет.</b> Еңбек нарығы қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру сапасының жоғары деңгейіне жету, халықаралық танымалдылық	<b>Көрсеткіштер:</b> 1.Бәсекеге қабілеттілікті, тәжірибелік-бағдарлықты және білім беру бағдарламаларының танымалдылығын арттыру. 2. 2017 ж. қарай білім беру бағдарламалары саны 50%. 3. 2017 ж. қарай халықаралық агенттіктердің рейтингінде университет мамандықтарының қатысуы 50%.

<b>4-стратегиялық бағыт. Университетті зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру, оқу үдерісі мен өндіріске ғылыми дайындамалар мен инновацияларды енгізу</b>	
<b>1-мақсат. Жоғары оқу орындарының терең және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруы</b>	<b>Мақсатты көрсеткіш – 2020 жылға қарай ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың саны мен көлемі 10% артады</b>
<b>Міндет1.</b> Кәсіпорындар тапсырыстары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға ПОҚ қатысуы	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. 2020 жылға қарай ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру саны мен көлемі 10% артады.
<b>2-міндет.</b> Студенттер мен магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысына, халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, инновациялық байқауларға қатысуға, ПОҚ бірге ғылыми еңбектерді жариялауға белсенді түрде тарту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Білім алушылардың 2020 жылы ҒЗЖ-на қатысу дәрежесі: студенттерде – 30%, магистранттарда – 90%. 2. 2020 жылға қарай студенттер және магистранттардың жариялаған ғылыми еңбектерінің саны 2 есеге артады. 3. 2020 жылға қарай инновациялық байқаулардағы жеңімпаздың саны екі есеге артады.
<b>3-міндет.</b> Ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу үдерісі мен өндіріске енгізу.	1. 2020 жылға қарай оқу үдерісі мен өндіріске енгізілген ҒЗЖ енгізу актілерінің саны 2 есеге артады. 2. 2020 жылға қарай алынған патенттер саны 40% артады.
<b>2-мақсат. Ғылыми зерттеулер мен инновациялардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру.</b>	<b>Мақсатты көрсеткіш – 2020 жылға қарай рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны 2 есеге артады.</b>
<b>1-міндет.</b> ҒЗЖ тиімді орындауға арналған инновациялық құрылымдарды және олардың қызмет істеуі.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Университетте инженерлік бағыттағы ғылыми-зерттеу зертханаларын құру. 2. Университетте экономикалық бағыттағы виртуаль зертхана құру. 3. Университетте гуманитарлық бағыттағы зерттеу орталығын құру
<b>2-міндет.</b> Ғылыми жарияланымдар сапасын арттыру.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Thomson Reuters, Scopus халықаралық басылымдарындағы жарияланымдар саны 2020 жылдарға қарай 2 есеге артады.
<b>3-мақсат. Халықаралық білім беру кеңістігіндегі ықпалдастық</b>	<b>Мақсатты көрсеткіш – шетелдік серіктестермен бірлескен білім беру және ғылым-зерттеу жобаларын орындау.</b>
<b>1-міндет</b> Шетел ЖОО, ғылыми орталықтарымен ғылым және білім	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Ғылым мен білім саласындағы халықаралық

саласында халықаралық ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасау.	ынтымақтастық туралы келісімшарттар саны 2020 жылдарға қарай 20% артады.
<b>2-міндет.</b> Шетел ЖОО, орталықтарымен бірлескен білім беру және зерттеу жобаларын дайындау және орындау.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Шетелдік серіктестермен бірлескен білім беру және зерттеу жобалары саны 2020 жылдарға қарай – 3-тен болмауы керек.
<b>5 - стратегиялық бағыт. Тұтынушылар қанағаттанушылығын арттыру</b>	
<b>1-мақсат. Ұсынылатын қызметтердің сапасының нақты бағалануын қамтамасыз ету.</b>	<b>Мақсатты көрсеткіш – білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес білім беру сапасын қамтамасыз ету</b>
<b>1-міндет.</b> Қазақстанның батыс аймағының жоғары білім беру жүйесінде алғашқы орындарға шығу.	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Қазақстанның жетекші ЖОО басты рейтингісінде алғашқы орындарға жету – 2018 ж. дейін алғашқы жиырманьың қатарына ену. 2. 2020 ж. дейін Қазақстан Республикасы рейтингінде үздік көп салалы ЖОО бестігіне ену. 3. 1-3 орын алатын мамандықтар санын арттыруға қол жеткізу – 5 мамандықтан кем емес (2018 ж. дейін)
<b>2-міндет.</b> Танымал агенттіктердің институциональдық және мамандандырылған аккредиттеуінен өту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. 2016 жылдың ортасына қарай ұлттық тізілімге енгізілген аккредиттеу агенттігінде бакалавриаттың 20 бағдарламасы бойынша ұлттық институциональдық және мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өту. 2017ж бакалавриаттың қалған бағдарламалары бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өту.
<b>2-мақсат. Білім беру қызметінің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыру.</b>	<b>Мақсатты көрсеткіш – кем дегенде 100 жұмыс берушіге және білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлердің 70% -на сауалнама жүргізу арқылы тұтынушылар талаптарын жаңғыртып нақтылау, сауалнама нәтижесін барлық білім алушылар мен қызметкерлерге хабарлау, тұтынушылар талаптарын қанағаттандыруды арттыру бойынша шараларды қабылдау.</b>
<b>1-міндет.</b> Еңбек нарығының маркетингтік зерт кем теулерін кеңейту	<b>Көрсеткіштер:</b> 1. Жұмыс берушілер мен студенттерге дайындау сапасы бойынша жылына 1 рет (2016-2020ж.ж.) сауалнама жүргізу арқылы тұтынушылармен және барлық мүдделі тараптармен кері байланыс жүйесін жетілдіру. 2. 2018 ж. қарай өндірістегі практика жетекшілерінің оң пікірінің үлесі – пікірлердің жалпы санының 90% -ын құрайтын болады. 3. ЖОО аяқтағандағы бірінші жылы түлектердің мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуы 2018 ж. қарай бітірушілердің 80% үлесін құрайтын болады. 4. 2018 ж. қарай ұлттық және ұлтаралық компанияларда жасайтын бітірушілер саны 100 адамнан кем болмайды.

<p><b>2-міндет.</b> Білім алушылардың құрамын қалыптастыру, бітірушілердің білім сапасын арттыру және олардың жұмыспен қамтылуы бойынша жұмыс берушілермен әлеуметтік серіктестікті нығайту</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізу, кем дегенде жылына бір рет.  2. Кәсіпорындардың тапсырысы бойынша студенттерді оқыту, 2020 ж. қарай 100 адамнан кем емес.</p>
<p><b>3-мақсат. Қызметкерлер мен білім алушылардың жоғары ұжымдық мәдениетті қалыптастыру.</b></p>	<p><b>Мақсатты көрсеткіш - көшбасшылық, ынталандыру және бірлескен жұмыс қағидаларын игеру негізінде барлық қызметкерлер мен білім алушылардың ділін түбегейлі өзгерту.</b></p>
<p><b>1-міндет.</b> Менеджменттің интеграциялық жүйесін дамытуды қамтамасыз ету.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Менеджменттің интеграцияланған жүйесін дамыту (ИСО 9001, ИСО 14001, SA 8000 және т.б.).  2. Барлық қызметкерлер мен білім алушыларды білім беру, ғылыми және инновациялық қызмет сапасын басқару жүйесіне тарту.</p>
<p><b>2-міндет.</b> Әлеуметтік қолдау көлемін кеңейту.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. ПОҚ мен қызметкерлерді өз қызметінде жоғары нәтижелерге жеткені үшін материалдық ынталандыру, жылына 30 оқытушы және 10 қызметкерден кем емес.  2. Ұйымдар мен білім алушыларға жылына 5 млн. тг. дейінгі сомада қайырымдылық көмек көрсету.</p>
<p><b>3-міндет.</b> Ішкі мониторинг, тұтынушылардың қанағаттанушылығын талдау және арттыру жүйесін жетілдіру.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Ұйымдардың оқу үдерісіне қанағаттанушылығын қамтамасыз ету, жылына 1 рет білім алушылардың 90% -на сауалнама жүргізу.  2. Сыбайластықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспарын жүзеге асыру (үнемі).  3. ӘБҚ және ҚҚ жұмысына ПОҚ мен қызметкерлердің қанағаттанушылығын қамтамасыз ету, жылына қызметкерлердің, кем дегенде, 70%-на сауалнама жүргізу.  4. ПОҚ, кафедралар мен факультеттер қызметінің ішкі мониторингі жүйесінің критерийлерін жаңғырту (жыл сайын).  5. Семестріне кем дегенде 1 реттен ішкі аудиттер мен тексерулер жүргізу.  6. Аудиттер нәтижелері, тұтынушылардың ұсыныстары мен шағымдары бойынша түзету және ескерту жұмыстарын жүргізу.</p>
<p><b>4-мақсат. Білім алушылар құрамын қалыптастыру әдістерін жетілдіру</b></p>	<p><b>Мақсатты көрсеткіш – ЖОО тартымдылығын кәсіби бағдар ақпараттық қызметін жетілдіру арқылы арттыру.</b></p>
<p><b>1-міндет.</b> Жарнамалық-ақпараттық қызметті жетілдіру</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b>  1. Университет мамандықтары бойынша буклеттерді жыл сайын жаңартып отыру.  2. Кәсіби бағдарлау мақсатында БАҚ арқылы сөз сөйлеу (үнемі).  3. Университет сайты жүйелі түрде жаңартып отыру.</p>

<p><b>2-міндет.</b> Мектеп, колледж бітірушілермен және әлеуетті жұмыс берушілермен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Облыс мектептерін бітірушілер құрамына талдау жасау, жыл сайын.</li> <li>2. Аймақта және облыс аудандарында кеңес беру пункттерін құру (жыл сайын қабылдау науқаны кезінде).</li> <li>3. Университетке түсу туралы белсенді түрде үгіттеп, оқушылар арасында жыл сайын пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.</li> <li>4. Факультеттердің «Ашық есік» күндерін» ұйымдастыру (үнемі).</li> <li>5. Мектептердің ата-аналар жиналыстарына бару (үнемі).</li> <li>6. Бакалаврлар мен магистрларды дайындауға мақсатты тапсырысты қалыптастыру үшін аймақ кәсіпорындарымен келісімшарттарға отыру (үнемі).</li> </ol>
<p><b>6-стратегиялық бағыт. Жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін жетілдіру.</b></p>	
<p><b>1-мақсат.</b> Жастардың бойында белсенді азаматтық позицияны, әлеуметтік жауапкершілікті, отаншылдық сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру.</p>	<p><b>Мақсатты көрсеткіші – жастар саясаты мен отаншылдық тәрбие саласындағы шараларды жүзеге асыруға белсенді қатысатын жастар үлесі жастардың жалпы санының 50%-нан кем болмауы тиіс.</b></p>
<p><b>1-міндет.</b> Қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеу</p>	<p><b>Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу бойынша кем дегенде жылына 5 рет шаралар өткізу.</li> <li>2. Студент жастардың волонтерлік қозғалысқа, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысуы, жылына 100 адамнан кем емес.</li> </ol>
<p><b>2-міндет.</b> Жоғары азаматтық жауапкершілігі, отаншылдық және толеранттылық сезімі бар әлеуметтік бейімделген тұлғаны қалыптастыру және дамыту.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Білім алушылардың қоғамдық жастар ұйымдарына белсенді қатысуы, жылына 100 адамнан кем емес.</li> <li>2. 2017 ж. қызығушылықтары бойынша студенттік виртуал клубтар құру.</li> <li>3. 2018 ж. студенттік театр құру.</li> <li>4. «Біз таза қаланы қолдаймыз!» қозғалысына студент жастардың белсенді қатысуы, жылына 50 адамнан кем емес.</li> </ol>
<p><b>3-міндет.</b> Тікелей нәтижелерге көрсеткіштеріне жетуге арналған шаралар.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Отаншылдықты және азаматтық белсенділікті қалыптастыру бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, дәрістер, кездесулер өткізу, жылына 10 шарадан кем емес.</li> <li>2. Студенттік жастарды әлеуметтік-маңызды жобаларды жүзеге асыруға тарту, жылына 10 адамнан кем емес.</li> </ol>
<p><b>4-міндет.</b> ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаға саяси бағыты» жолдауында мазмұнадалған идеялар мен ұстанымдарды түсіндіру.</p>	<p><b>Көрсеткіштер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан халықтары Ассамблеясының «Үлкен мемлекет - үлкен отбасы» жобасын жүзеге асыру шегінде екіжақты меморандумға қол қою және университеттің барлық факультеттерінде 2017 ж. қарай ҚХА жастар қанатын құру.</li> <li>3. «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындық шеңберінде университетте жас оқытушылар мен студенттер арасында волонтерлер қозғалысын құру (2016 ж. – 100 студент., 2017 ж. – 120</li> </ol>

	студент).
<b>5-міндет.</b> Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын, діни экстремизмге, терроризмге қарсы күресті түсіндіру және насихаттау мақсатында оқытушылар мен студенттер арасында облыстағы діни істер бойынша басқарма өкілдерін, құқық қорғау орындары, прокуратура және ҰҚКД өкілдерін, теологтарды және мешіт имамдарын шақыру арқылы діни экстремизмнің алдын алу бойынша шаралар өткізу.	1.БҚО дін істері агенттігі өкілдерімен бірге шаралар жүргізу және жыл сайын жоспарланған және облыстық әкімшіліктің бекітілген жоспарлары бойынша кездесулер өткізу. 2. Алдын алу жұмыстарын жүргізу (декадаларды өткізу, құқықтық білім аптасы, тақырыптық тәлімгерлік сағаттар және т.б.), БҚО жастар саясаты бөлімімен, «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек орталығымен, БҚО бойынша Қазақстанның мұсылмандардың рухани басқармасымен бірлесіп әрекет ету. 3. Білім алушылар арасында төзімділікке тәрбиелеуге және діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған шаралар өткізу (жылына 3 реттен кем емес).
<b>2-мақсат.</b> Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.	<b>Мақсатты көрсеткіш – Білім алушының бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында денсаулық деңгейін қолдауға және нығайтуға көмектесетін денсаулық сақтау ортасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету.</b>
<b>1-міндет.</b> Білім алушыларды әлеуметтік қолдауды жақсарту	<b>Тікелей нәтижелер көрсеткіштері:</b> 1.Әлеуметтік қолдау көрсетілген білім алушылар үлесі жылына 100 адамнан кем емес. 2.Жатақханамен қамтамасыз етілген білім алушылар үлесі (2016 ж. –50., 2017 ж. – 60., 2018 ж. – 80., 2019 ж. – 90., 2020ж. – 100) 3. 2018 ж. қарай әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету орталығын құру.
<b>2-міндет.</b> Салауатты өмір салтын қалыптастыру	1. Білім алушыларды денсаулық сақтау және нығайту туралы ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін арттыру (2017 жылы – 70%, 2019 жылы – 100%). 2. Студенттер мен магистранттарды мәдени бұқаралық, спорттық, зияткерлік, ойын-сауық шараларына тарту, 2012 ж. - 70% дейін.

#### 4. ЖОО-ның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының аймақтық және мемлекеттік стратегиялық мақсаттармен сәйкестігі

Стратегия келесі тұжырымдамалық құжаттар ұсынбаларын ескере отырып, дайындалды:

- «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңы;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы заңы;
- ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Болон декларациясы (Еуропа университеттерінің хартиясы), Болонья, 1999 ж.;
- Қазақстан Республикасының 2012-2020 жылдарға арналған академиялық мобильділік стратегиясы.

## 5. Мақсаттарға жетудің жолдары мен әдістері

***Елдің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес келетін жоғары білікті кәсіби кадрларды дайындауға қол жеткізіледі:***

- оқытудың пәнаралық, проблемалық және жобалық-бағыттау технологияларын қолдана отырып, инновациялық білім беруді дамыту арқылы;
- аудиториялық сабақтарды қысқарту есебінен проблемалық-ізденіс әдістерімен студенттерді өз бетімен белсенді жұмыс істеуге бағыттау арқылы;
- оқу-ғылыми және инновациялық қызмет үшін кафедралар филиалдарының өндірістік базаларын тиімді қолдану арқылы;
- білім беру және ғылыми қызметте инновациялық технологиялармен еркін жұмыс істей алатын, жаңа үлгідегі ПОҚ қалыптастыру арқылы;
- ғылым, техника және технологияның жаңа жетістіктері бойынша авторлық курстар оқу үшін өндірістің жоғары білікті ғылыми қызметкерлерін және ішкі, сыртқы мобильділік бағдарламалары бойынша ПОҚ тарту арқылы;
- жаңа ақпараттық технологиялар, жоғары технологиялар және ғылымды қамтитын өндірістердің, экономика, тілдік дайындық және т.б. салаларда ПОҚ-ның машықтануын жетілдіру және біліктілігін арттыру арқылы;
- ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың қызметінің ішкі мониторингін жетілдіру арқылы;
- көптілдік білім беруді дамыту арқылы;
- ұжымдық ақпараттық жүйе және ЖОО-н басқару жүйесіне электрондық құжат айналымын енгізу арқылы.

***Болон процесі параметрлерін ескере отырып, білім беру жүйесінің инновациялылығын қамтамасыз етуге қол жеткізіледі:***

- Болон процесі қағидаларына сәйкес жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесін интернационалдандыру бағытында университет қызметін белсендіру арқылы;
- Болон процесі параметрлеріне білім беру қызметі мазмұны мен құрылымын сәйкестендіру арқылы;
- ПОҚ мен білім алушылардың академиялық мобильділігіне жағдайлар жасау арқылы.

***Инновацияларды дайындауға және ғылымның жетістіктерін енгізуге қол жеткізіледі:***

- жоғары оқу орнында инновациялық құрылымдар, орталықтар, инженерлік бағыттағы, экономикалық зерттеулер мен педагогикалық бағыттағы ғылыми-зерттеу зертханаларын құру арқылы;
- бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын дайындау және жүзеге асыру бойынша алдыңғы қатарлы қазақстандық және шетел ЖОО-дарымен ынтымақтастықты кеңейту арқылы;
- халықаралық, республикалық гранттарды алу бойынша байқауларға қатысуға профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды тарту арқылы.

***Тұтынушылар сұраныстары мен күтетін үміттерінің қанағаттандырылуына қол жеткізіледі:***

- білім және ғылым саласындағы сыртқы нормативтік құжаттарда мазмұндалған тұтынушылардың қазіргі және болашақ талаптарын анықтау және орындау, кері байланыс, сауалнама, бос орындар жәрмеңкесі материалдарын талдау арқылы;
- мониторингті ұйымдастыру, тұтынушылар қанағаттанушылығын жақсарту және талдау арқылы;
- тұтынушылардың талаптары мен үміттерін қызметкерлердің барлығына жеткізу арқылы;
- жұмыс берушілермен білім алушылардың құрамын қалыптастыру, практикаларды ұйымдастыру, дипломдық және ғылыми ізденулерді олардың тапсырыстары бойынша орындау, бітірушілерді арттыру және бітірушілердің жұмыспен қамтылуы бойынша әлеуметтік серіктестікті нығайту және т.б. арқылы;

- ПОҚ және қосымша оқу қызметкерлері еңбекақысын бөлу және қаржыландыру жүйесін жетілдіру арқылы;
- тұтынушылардың ұсыныстары және шағымдары бойынша түзетіп реттеу және ескерту шараларын жүргізу арқылы.

***Инфрақұрылымның мазмұны мен материалдық-техникалық базаны жаңартуға қол жеткізіледі:***

- білім беру және ғылыми-техникалық қызметтің заманауи талаптарына сәйкес келетін инфрақұрылымды жақсарту арқылы;
- жекелеген пәндер бойынша электрондық ғылыми-зерттеу зертханаларын құру арқылы;
- қаржылық-экономикалық тұрақтылықты қаржыландырудың көп арналы жүйесін құру есебінен қамтамасыз ету арқылы.

***Білім алушыларды жан-жақты мәдениетті үйлесімді дамыған тұлға ретінде тәрбиелеуге қол жеткізіледі:***

- мемлекеттік тілдік және этносаясатты жан-жақты түсіндіру, ұлтаралық келісімді насихаттау және әр түрлі ұлттар мәдениеті мен дәстүрін сыйлау, студенттік ортада ұлтаралық қайшылықтарға жол бермеу арқылы;
- студенттердің теріс діни ағымдарға қарсы тұру қабілетін, қоғамдағы діннің орнын мен рөлін түсінуін тәрбиелеу арқылы;
- жастарда белсенді азаматтық позиция, отаншылдық сезім, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру арқылы;
- студенттік жастарда құндылықтардың адамгершілікті жүйені қалыптастыру арқылы (еңбексүйгіштік, кәсіпқойлық, іскерлік, заңсыйлаушылық, бастамалық, креативтік, бәсекеге қабілеттілік, жаңаны тануға және жасауға ұмтылу, үздіксіз өздігінен білім алу және өзін-өзі дамытуға дайын болу);
- жастар ортасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу арқылы;
- жастар ұйымдары құрылымын дамыту арқылы студенттік өзін-өзі басқарудың рөлін арттыру арқылы;
- тәрбие жұмысы мен тәрбиелеуші ортаның жүйелі мониторингін жүргізу арқылы.

## **6. Стратегиялық жоспарды жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер**

***Елдің жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне сәйкес:***

- оқу нәтижелеріне негізделген білім беру бағдарламалары енгізілетін болады;
- өндіріс базасында студенттердің практикалық дайындығы күшейтіледі;
- еңбек нарығының сұранысына ие, жаңа бакалавриат және магистратура мамандықтары ашылады;

***Жоғары білімнің еуропалық аймағына енуді қамтамасыз ету үшін:***

- білім алушылардың академиялық мобильділігін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылатын шетел ЖОО-дарында бірге білім беру бағдарламалары дайындалатын болады;
- кредиттерді ауыстырудың еуропалық жүйесінің үлгісі бойынша кредиттік оқыту технологиясы бойынша сынақ балының жүйесі жетілдірілетін болады;
- модульдік білім беру бағдарламаларын дайындау арқылы барлық мамандықтар бойынша базалық және бағдарлы пәндер циклы мазмұнын жаңарту қамтамасыз етіледі;
- үштілдік білім беру бағдарламасы жедел енгізіледі;
- қызметкерлер еңбегін ынталандыру жүйесі жетілдіріледі.

***Материалдық-техникалық базаны нығайту үшін:***

- кафедралар заманауи оқу және ғылыми-зерттеу жабдықтарымен және заманауи құралдармен жабдыкталады;

- ғылыми кітапхананың кітап қоры кеңейтіледі, сонымен бірге қазақ тіліндегі қорлар ұлғайтылады;

- студенттер мен магистранттарға ақпараттық-коммуникациялық технологияларға және кеңжолалық интернетке, әлемнің алдыңғы қатарлы шетел ЖОО-да үздік білім беру ресурстарына ену мүмкіндігі қамтамасыз етілетін болады;

- ғылыми-өндірістік база және бірқатар әлеуметтік нысандар жаңғыртылатын болады;

- университеттің материалдық активі жақсартылады.

**Ұсынылатын қызметтер сапасын нақты бағалауды қамтамасыз ету үшін:**

- бағдарламалар мен біліктілік сапасын қамтамасыз ету үшін еңбек нарығы өкілдерімен, жұмыс берушілермен өзара әрекеттестік қамтамасыз етілетін болады;

- ұлттық тізілімге енетін, тәуелсіз агенттіктерде институционалды және мамандандырылған аккредиттеуден өтеді;

- Қазақстанның алдыңғы қатарлы ЖОО басты рейтингінде алдыңғы орын алған мамандықтар саны арттырылады;

- әлемдегі үздік университеттер рейтингіне қатысу қамтамасыз етіледі;

- Батыс Қазақстан инновациялық –технологиялық университетіндегі білімнің тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігі арттырылады.

**Білім беру, ғылым және өндірістің ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін:**

- ЖОО-да инновациялық құрылымдар: орталықтар, инженерлік бағытта, экономикалық зерттеулер, педагогикалық бағытта ғылыми-зерттеу зертханалары құрылатын болады;

- бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын дайындау және жүзеге асыру бойынша алдыңғы қатарлы қазақстандық және шетел жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық кеңейтіледі;

- профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушылар халықаралық, республикалық гранттар алу бойынша байқауларға қатысуы белсенді түрде қамтылатын болады;

- профессорлық-оқытушылар құрамының ұйымдар мен кәсіпорындар тапсырысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға қатысуы артады;

- ҚР БҒМ-ның ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу бойынша университет ғалымдары қызметі белсендіріледі;

- университет ғалымдарының беделді халықаралық ғылыми-зерттеу конференцияларына, форумдарға қатысуы белсендіріледі;

- шетел ғалымдарымен бірлескен ғылыми зерттеулер, профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттар үшін ғылыми машықтанулар белсенді жүргізіледі;

- профессорлық-оқытушылар құрамы, магистранттардың ғылыми жарияланымдарының сапасы артады, ғылыми журналдарда, халықаралық Thomson Reuters, Scopus, жоғары импакт-факторлы басылымдарда жарияланым саны артады;

- ғылыми зерттеулер орындауға және халықаралық, республикалық конференцияларға қатысатын студенттер саны артады.

## 7. Ықтимал қауіп-қатерлер

Өз қызметі барысында Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті мақсаттарға жетуге кедергі болатын бірқатар қатерлер болуы мүмкін.

Қауіп-қатер атауы	Әрекет ету шараларының уақыттылы қалбылданбауынан туындайтын ықтимал салдар	Басқару тетіктері мен шаралары
Мектеп бітірушілер санының төмендеуі,	Қаржылық тұрақтылықты жоғалту, штаттардың	Кәсіби бағдар беру жұмыстарын белсендіру, басқа аймақтардан

баланың дүниеге келуінің демографиялық төмендеуіне байланысты талапкерлер құрамының қысқаруы	қысқаруы, мамандықтардың жабылуы	талапкерлерді тарту, тұтынушылар мүдделерін ескере оырып, ЖОО-ның дағдарысқа қарсы бағдарламасын жүзеге асыру
Жоғары емес орташа жалақыға байланысты білікті ПОҚ жетіспеуі	ҚР БҒМ өлшемдеріне (50%) ғылыми дәрежелері бар ПОҚ үлесінің сәйкес келмеу қаупі	ПОҚ мәртебесін және жалақыны арттыру
Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын жобалау және бітірушілерді жұмыспен қамтуға жеткіліксіз дәрежеде көңіл бөлуі;	Бітірушілерді жұмыспен қамтудың төмен деңгейі	Жұмыс берушілермен байланысты күшейту, кәсіпорындармен бітірушілерді жұмыспен қамту бойынша келісімшарттар жасауды ұлғайту.
Қымбат бағалы жабдықты талап ететін зертханалық базаның жеткіліксіз түрде жасақталуы	Жоо беделінің төмендеуі, бітірушілердің өндіріске бейімделуінің ұзақ уақыт алуы	Жабдықты сатып алу, ҒЗИнституттарымен келісімшарттарға отыру, кәсіпорындарда кафедралар филиалдарын ашу
Мемлекеттік тілдегі заманауи оқу және әдістемелік әдебиетпен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі	Білім алушылардың мемлекеттік тілде нашар дайындалуы	Қазақ тілінде оқу және әдістемелік әдебиеттерді сатып алу. Оқу әдебиетін университет оқытушыларының дайындауы
ПОҚ шетел тілдерін жеткіліксіз түрде білуі	Көптілдік білім беруді енгізу мүмкіндігінің жоқтығы	Университет оқытушылары үшін шетел тілдерін тереңдетіп оқыту бойынша, соның ішінде ЖОО-нан тыс жерлерде біліктілікті арттыру курстарына жіберу
Білім беру, ғылым мен өндірістің толық бірлесе жұмыс атқармауы, ЖОО-да ғылымның коммерцияландырылу компонентінің төмендігі	Мемлекеттік тапсырыс бойынша, кәсіпорындар және ұйымдардың келісімшарттар бойынша ҒЗЖ-тар көлемінің жеткіліксіз болуы	Өнеркәсіп кәсіпорындарымен өзара әрекеттестік жүйесін жетілдіру. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуді қамтамасыз ететін ЖОО қызметкерлерін көтермелеу түрлерін анықтау.